# Аймақтық көшпелі зерделі кеңес

**Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы және «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасын жүзеге асыру аясында Екідің ауылдық кітапханасында « Рухани жаңғыру аясындағы кітапханалар міндеті» тақырыбына аймақтық көшпелі зерделі кеңес өтті.**





Аймақтық зерделі кеңестің мақсаты – Қазақстанның киелі орындарымен танысу, мол тарих пен құнды деректерге бай өлкеміздің қадір-қасиетін барынша ашып көрсету, кітапхана қорындағы бай мұраны кітап сүйер оқырмандарға насихаттау болды.

Зерделі кеңеске, Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы О. Өтегенұлы, Мәдениет сарайының директоры А. Жұмабаева, №2 ОӘГК кітапхана ісі жөніндегі директорының орынбасары Р. Жанғалиева, Халыққа қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Н. Абақанова, балалар бөлімінің кітапханашысы С. Алматова және 15 ауылдың кітапханашылары мен мәдениет сарайының қызметкерлері қатысты.

Зерделі кеңесте, «Кітапхана – рухани жаңғыру ошағы» тақырыбында кітапхана директоры Дамет Есенжолқызы «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында кітапханаларда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, библиограф Сандуғаш Ғазезқызы «Қостанай облысы Торғай аймағы киелі жерлерінің ақпараты» библио - ханашысы Гүлжан Нұртайқызы «Бір кітапта өрілген Екідің тарихы» тақырыбында өткен өлкетану кешінде құт дарыған қасиетті Екідің өңірі ел мұраты жолында басын бәйгеге тіккен батырлары мен бірлік пен тірлікке үндеген ақын – абыздары, киелі тарихи ескерткіштер, тамаша тума таланттары жайында тоқтала отырып Екідің ауылынан шыққан ақын – жазушыларының «Туған елге» арнаған өлеңдерін оқып, мәдениет сарайының әншілері Елугүл мен Берік әннен шашу –шашып, «Ақбота» би ансамблі тамаша би өнерін көрсетті. Жанақала ауыл кітапханашысы Айткүл Есмағанбетова «Жайнай бер, кенен өлкем, кемел далам!» кітап көрмесіне шолу жасалып, кітапханалық библиографи - тақырыбындағы көрмеде экономика ғылымының докторы Кенжеғали Сағадиевтің 80 жылдығына арналған «Дара тұлға» атты библиографиялық көрсеткіші, жергілікті қаламгер Жақсылық Жүнісұлының 75 жылдығына «Баспасөз ардагері», сазгер Қалибек Дерінсалдиннің 65 жылдығына «Саз саңлағы» деген тақырыптарда жаднамалар шығарылып, зерделі кеңеске қатысушылардың назарына ұсынылды.

Сонымен қатар, Екідің ауылының киелі жерлері Екідің І, Екідің ІІ ескерткіштері, Төлек Жауке батыр кесенесі, Шом би кесенесі, Маятас кесенесі, Қыз тамы, Қос там, Әбдіғапар ханның кесенесіне саяхат жасаумен аяқтадық.

**Дамет ҚҰСАЙЫН,**